ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 21 қараша №7119-24-00-2/12883 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Т. Шамшильдин
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның
қатысуымен ашық сот отырысында келесі талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "Дворниченко" тұлғасында Юрьевич Юрий Дворниченко

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫ:
жеке кәсіпкер "Дворниченко" тұлғасында Юрьевич Юрий Дворниченко

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
шарттың бұзылуын даулау туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Т. Сағынтай
жауапкер өкілі А.Г.Галяпин

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 05 шілдеде тараптар арасында Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы № 1641 шарт (бұдан әрі-Шарт) жасалды.

Шарттың техникалық талаптарына сәйкес, өнім беруші тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде 13 лифтінің диспетчерлік бақылау жүйесінің жабдықтарын жеткізу, монтаждау және іске қосуға міндеттенді. Шарт бағасы 3 999 998 теңге.

2024 жылғы 19 шілдеде жауапкерге тапсырыс берушінің өтінімі жіберілген, яғни міндеттің орындалу мерзімі – 19 тамыз.

Алайда, жауапкер жоғарыда аталған тауарды жеткізбеген.

2024 жылғы 12 қыркүйекте өнім берушіге Шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген. 2024 жылғы 14 қазанда Шарт бұзылған

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 104 000 теңге айыппұл сомасын өндіруді сұрады.

Жауапкер, тапсырыс берушінің жосықсыз әрекеттеріне, жұмыстардың басым бөлігінің орындалуына сілтеме жасап, сотқа қарсы талаппен жүгініп, Шарттың бұзылуын заңсыз деп тануды сұрады.

Сот отырысында әр тараптың өкілі сотқа жүгінген талаптарын қолдап, қарсы тараптың талабын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшының №1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабының талаптары бойынша міндеттеме шарттың талаптарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

Азаматтық кодекстің 273-бабына сәйкес, заңда немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (уақтылы, міндеттеменің мазмұнымен айқындалатын шарттарды бұза отырып) түсіндіріледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелер тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша толық орындаған жағдайда орындалды деп танылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сай, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және

Сот өндірісі

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 24.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Шамшильдин Т., 03.04.2025

7119-24-3-1/12203

дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Шарттың 4.1. тармағына сәйкес сәйкес орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде шарт бойынша міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Шарттың техникалық сипаттамасына сай лифтілердің жұмысын диспетчерлік бақылау жабдығы қамтамасыз етуі керек (жабдықтар мен материалдар келісім-шарт сомасына кіреді):

Тұтынушы мониторының экранында оқиғаларды көру мүмкіндігі (деректерді шығару және Тұтынушының жұмыс станциясына мұрағаттау), нақты уақыттағы төтенше жағдай туралы сигнал беру – міндетті опция болып табылады;

диспетчерлік пункт пен кабина, диспетчерлік пункт пен машина бөлмесі, диспетчерлік пункт пен шұңқыр арасындағы екі жақты келіссөздер байланысы, диспетчерді байланысқа шақыру туралы дыбыстық дабыл;

еденде кабина болмаған кезде шахта есіктерінің ашылуы туралы дабыл;

машина мен блок бөлмелерінің есіктерін немесе басқару шкафтарын ашу туралы дабыл;

лифт қауіпсіздік тізбегі дабылы;

кіріс дабылын анықтау (қай лифтіден және қандай сигналдан);

лифт күйі туралы дабыл (егер лифттер ақаулы болса, ақаулық сипаттамасы бар қате коды ДК мониторында көрсетілуі керек);

орындаушы өз қаражаты есебінен жүйелік блокты, мониторды, пернетақтаны, тінтуірді, дыбыс динамиктерін ұсынады;

лифт шахтасында және кезекші операторлардың үй-жайларында кабельдік арнаға жылжымалы байланыс желісін салмаңыз. Дәліздерде гофрленген құбырға салынған байланыс желісі кабельдік науаларға салынады.

Жабдық үшін қажетті сипаттамалардың, параметрлердің және басқа бастапқы деректердің сипаттамасы «Лифт Комплекс ДС» ЖШС-і шығаратын Обь диспетчерлік кешенінің шарттарына сәйкес келеді.

Жауапкер 2024 жылғы 1 тамызында ресейлік компания «Лифт Комплекс ДС» ЖШС-мен 3 000 000 теңгеге құрал-жабдықтарды жеткізуге шарт жасасқан. Жеткізу мерзімі – төлемді алғаннан кейін 30 күн.

Жауапкер «Лифт Комплекс ДС» ЖШС-не 298 525.50 рубль төлемді 06 тамызда аударған, яғни жабдықты жеткізу мерзімі – 06 кыркүйек.

Талап қоюшының орындалған жұмыс туралы есеп беруіне сәйкес, 11 лифт блогында жабдықтар мен кабельдік желілерді, кернеуді төмендететін қуат көздері орнатылған. 2 лифтте жүйе орнатылмаған.

Тараптар көрсетілген жұмыстардың 70 пайызға орындалуын растайды. Яғни, жауапкер Шартта көрсетілген тауарды белгіленген мерзімде міндетті орындамаған. Яғни, тапсырыс берушінің өтінім беруінен 87 күні өтті, Шартты бұзу туралы хабарламасын жіберуінен 32 күн өтті, алайда шарт талаптары орындалмаған.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 24.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Шамшильдин Т., 03.04.2025
7119-24-3-1/12203

2024 жылдың 14 қазанда жауапкер ЖШС-мен жасалған шарт бұзылған.

Шарттың 11.3 тармағы бойынша форс-мажор жағдайында тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Орындаушы тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

Жауапкердің форс-мажорға байланысты Қазақстанның сыртқы сауда палатасының куәлігі жоқ.

Кодекстің 359-бабына сай, егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Мұндай жағдай жоқ, жауапкердің ресейлік компания «Лифт Комплекс ДС» ЖШС-мен жасаған шарты бойынша жабдықты жеткізу мерзімі – 06 қыркүйек, яғни, тапсырыс берушімен жасалған Шартымен белгіленген мерзімнен асып түседі.

Жауапкерлер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатысты, өз бағасын ұсынды және бұл жағдайда шартпен және тауардың техникалық ерекшеліктерімен келісті. Алайда белгіленген мерзімдерде үлгерген жоқ.

Талап қоюшы әлеуметтік субъект болып табылады, оған залал келтірілген, яғни ол шартты жасасу кезінде күткен нәтижеге жете алмады.

Заңның 12-бабы 4-тармағы 3)-тармақшасымен белгіленген, атап айтқанда өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

Осыған орай, талап қанағаттандырылуға жатады.

Талап қоюшының№2 талап бойынша

Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

АК-ның 293-бабына сәйкес тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) – борышкер өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда несие берушіге төлеуге міндетті заңда немесе шартта белгіленген ақша сомасы. міндеттеме, атап айтқанда орындауды кешіктірген жағдайда.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 24.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Шамшильдин Т., 03.04.2025
7119-24-3-1/12203

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

АК-нің 380-бабы бойынша Азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүр етуге жол берілмейді.

Жауапкер Шарттың міндеттерін өз еркімен қабылдаған, сондықтан міндетті бұзғаны үшін мүліктік жауапкершілікке тартылады.

26 күнтізбелік мерзімі өткен күн үшін тұрақсыздық айыбы 104 000 теңгені құрайды. Есеп дұрыс жүргізілген. Керісіншесі дәлелденген жоқ.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, келтірілген сот шығындары талап арыздың қанағаттандырылған бөлігі мөлшерінде өндірілуге жатады.

Қарсы талап бойынша

«Азаматтық кодексінің» (бұдан әрі–АК) 272, 273 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Шарттың 9.3-тармағы бойынша .3 Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Орындаушы Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:

1) егер Орындаушы Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Орындаушы күн саны күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса;

3) Орындаушы Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Орындаушыға Жұмыстар барысын кідіртуге нұсқау берсе және осындай нұсқау күн саны күн ішінде күшін жоймаса;

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 24.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Шамшильдин Т., 03.04.2025
7119-24-3-1/12203

5) не Тапсырыс беруші, не Орындаушы оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Орындаушы жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағиадаларын, нұсқаулықтары мен ережелерін ескермейтін болса.

Іс бойынша тапсырыс берушінің Шартты бұзу тәртібінде бұзушылықтар жоқ.

Сот дайындығында, жұмысты аяқтау үшін, сот талап қоюшыға шартты бұзуды тоқтата тұру ұсынған. Алайда алайда шарттың елеулі талаптары бұзылғандықтан, шартты бұзу - тараптың еркі болып табылады. Бұл жағдайда шартты бұзу – тапсырыс берушінің сотпен шектелмейтін айрықша құқығы болып табылады.

Өнім беруші міндеттемені орындау мерзімін ұзарту туралы талапты сотқа уақтылы бермеген.

АК 404-бабы тармағына сәйкес шартты орындаудан біржақты бас тартуға (Шарттан бас тартуға) осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

Істің мұндай тұрғысында, сот талапты қанағаттандыруға негіз жоқ деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер "Дворниченко" тұлғасында Юрьевич Юрий Дворниченкоға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Дворниченко" тұлғасында Юрьевич Юрий Дворниченко мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Дворниченко" тұлғасында Юрьевич Юрий Дворниченкодан "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 104 000 (жүз төрт мың) теңге айыппұл сомасы, 3120 (үш мың жүз жиырма) теңге мемлекеттік баж сомасы төлеу шығыны өндірілсін.

Жеке кәсіпкер "Дворниченко" тұлғасында Юрьевич Юрий Дворниченкодан мемлекет кірісіне 1860 (бір мың сегіз жүз алпыс) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер "Дворниченко" тұлғасында Юрьевич Юрий Дворниченконың "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 24.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Шамшильдин Т., 03.04.2025
7119-24-3-1/12203

Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына шарттың бұзылуын даулау туралы қарсы талабы – қанағаттындырусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Шамшильдин Т.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 24.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Шамшильдин Т., 03.04.2025

7119-24-3-1/12203